

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№16			
Күндері		13 -15.12.2021			
Өтпелі тақырыптың атауы		Жаңа жылдық сыйлықтар / Новогодние подарки / New year present			
Мекеменің атауы, тобы		Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы			
Педагогтің аты-жөні		Далабаева М.Қ.			
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Әңгімелесу: "Балаға шырша қыста неге жасыл болғанын түсіндіру", "2-3 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Баланың мерекелік бұйымдарды әзірлеуге қатыстырудың маңызы және шарттары".				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарындағы шаңды көрсету, күтім жасау қажеттілігін түсіндіру; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сұрту және ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сұртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету.		
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Шырша ойыншықтарын ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру. Құралдар: түрлі-түсті пластик шырша ойыншықтары; ойыншықтардың әр түсі үштен кем емес болуы керек. Шарты: шар денелі ойыншықтарды бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру. "Шырша". Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терленді, Үйге кірді төрледі. Ө. Табылдиев	"Шыршаны безендір" дамытушы жаттығуы. Мақсаты. Балаларды түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін түрлі-түсті дөңгелек ойыншықтармен безендіруге ынталандыру; жасалған жұмысына қарап, көркем сөз айтып, қуана білу қабілетін дамыту. Құралдар: педагог балалардың әрқайсына түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін және түрлі-түсті дөңгелек ойыншықтар жинақтамасын табақшаға салып қояды. Шарты: өз түйсігіне сүйеніп, шырша кескінін ойыншықтармен безендіру. - Шырша. Ө. Табылдиев (жалғасы) Сылдырайды моншағы, Шыршамыздың мол шамы, Бізбен бірге жайдары Жарқырады, жайнады.	"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды. - Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу). Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу.		

Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. - Дәмді тағам дайын, пай, пай ... Шақырады шебер аспаз апай (ағай): - Қасықтарыңды дайындаңдар! Асықпаңдар, асықпаңдар ...				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бөсендеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Қанекей, балалар, шеңберге тұрайық, Досымызға күлімдеп қарайық, Қуанышпен бөлісейік, Шеңбермен жүрейік.				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Шыршадағы ойыншықтар". Мақсаты. Балалардың сурет салуға арналған шырша сұлбасына қызығушылығын оятып, қылқаламның ұшымен көлемі әртүрлі нүктелермен шырша кескініне толықтырып, бояуға үйрету; қылқалам ұшына зер салып, қалдырған ізден тез алып, өзге бос жерге ауыстырып отыруға жаттықтыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге қоя білу қабілетін пысықтау; педагогтың үлгісіне қарап, ойын арқылы ілесіп отыруға дағдыландыру; жаңа жылдық мереке туралы түсінік беру. <i>"Шыршаға ән айтып берейік" рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Жаңа доп". Мақсаты. Балаларға педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруға үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасы дағдыларын меңгерту; балалардың лақтыру қабілеттерін қалыптастыру. Балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруға үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту; ауа кеңістігінде допты лақтыра білудің дағдыларын қалыптастыру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. <i>"Құс ұясы" қимыл ойыны.</i>	Көркем әдебиет. "Үйшік" ертегісі. Мақсаты. Балаларды "Үйшік" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығармамен таныстыруда зейінін басқа нәрсеге аудармай, мұқият тыңдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға үйрету. Балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. <i>"Аңдарды бірге жинайық" рефлексия жаттығуы.</i> Музыка. "Аяз ата сыйлығы". Мақсаты. Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен қарқынын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылдарды музыка сипатына сай үйлесімді жасау қабілетін дамыту; топпен ән айту дағдыларын меңгерту. <i>"Ақшақардың киімі" ойыны.</i>	Құрастыру. "Мұнара". Мақсаты. Балаларды текше мен призмадан мұнара құрастыруға үйрету; мұнараны құрастыра алу қабілетін арттыру; текшелерді бір-бірінің үстіне қоя отырып, материалдардың тұрақтылығын байқай білу қабілетіне үйрету. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдауы мен байқағыштығын және танымын дамыту. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> <i>"Ойыншықтарды мұнараға тұрғызайық".</i> Дене шынықтыру. "Жаңа жылдық сыйлығым". Мақсаты. Балаларды педагог лақтырған затты қағып алып, қайтадан лақтыру іскерліктерін дамыту; шарды қағып алып, қайтадан лақтыруға үйрету; лақтыру кезінде қол, саусақ бұлшықеттерін дамыту; жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау; жаңа жыл мерекесі жайлы балалардың ойларын дамыту; өз ойларымен бөлісуге ынталандыру; ептіліктерін дамыту. <i>"Қояндар" қимылды ойыны.</i>		

Серуен	Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). Мақсаты. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырындап түскеніне көңіл аудару, қардың ақша қарлардан болатынын, жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Ақша қар қалықтап, Ұшып барады, асықпай. Айналып, оңға ұшып, Айналып, солға ұшып, Мамық болып жерге түсіп, Жарқырап жатыр, бізді күтіп. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейк, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). Мақсаты. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар, бұл қоян. - Қоянның терісі сұр ма? - Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар! - Қоянның қандай дене бөлшектері бар? - Иә, Әлижан, ұзын құлақтары бар. - Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды? - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады. - Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға ғой, қоян! Ақ құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Ақ құлақтармен ойна! "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	Жалауларды бақылау. Мақсаты. Балалардың көңілдерін учаскенің мерекелік тақырыпқа безендірілгеніне көңіл аудару, түрлі-түсті жалаушалардың желде желпілдегенін байқату. - Қараңдар, Таң қалмаңдар. Мерекеге дайындалдық, Жіпке жалаулар ілдік. Желге желбіреп олар Бізге көзайым болар. - Балалар, бұлар не? - Жалаулардың түстері қандай? - Жалаулар не істейді? - Жалаулар желпілдейді. Қанекей, қолдарымызбен көрсетейік. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды жерге түскен ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. Жалаушалармен ойын. Мақсаты. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ұқсап қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыға бұлғауға ынталандыру. "Жалауша". - Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк, жібектей, мата, Желбіреген жалауша! Д. Ахметова "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.		
--------	---	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу;				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Пойыз" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту. - Балалар, естіп тұрсыңдар ма? - Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады. - Қәнекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық. - Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у ... Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова Педагог сапты бастаса да балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады.	Жаратылыстанудан ойын-жаттығулар: "Жасыл шырша". Мақсаты. Балаларды шыршамен таныстыра отырып, шыршаның басқа өсімдіктерге, ағашқа, гүлге, ұқсамайтыны жөнінде ұғым беру; басқа ағаштармен салыстырмалы түрде алғанда шыршаның мәңгілік жасыл ағаш екені туралы және жаңа жылда барлық адамдарға қуаныш сыйлайтын ағаштардың бірі ретінде түсінік қалыптастыру. <i>"Шыршаны безендірейік" ойын жаттығуы.</i> Дене шынықтырудан ойын-жаттығулар: "Допты қағып алу". Мақсаты. Балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыру іскерліктерін пысықтау; өткен оқу қызметтерін пысықтай отырып, балалардың допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасы дағдыларын жетілдіруге ықпал ету; балалардың Жаңа жыл мерекесі жайлы түсініктерін дамытып, жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын дамыту. <i>"Тауықтар мен балапандар" қимылды ойыны.</i> Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.	Музыкадан ойын-жаттығулар: "Ғажайып сыйлықтар". Мақсаты. Балалардың өннің сипаты мен қарқынын ажыратып, ырғаққа сай үйлесімді қимылдар жасай білу қабілеттерін жетілдіру; топпен ән айту дағдыларын меңгерту. <i>"Шыршаны безендірейік" ойыны.</i> Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.		

Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" - Алақай! Алақай! Келді суық қыс, міне, Біз далаға шығамыз, Жаттығу жасаймыз, Бір, екі! Бір, екі! Қарды қағып, бір, екі! Д. Ахметова	"Шырша". Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терленді, Үйге кірді төрледі. Ө. Табылдиев"		
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Балада "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "2-3 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері".				

Тексерген; Бекишева М.А.

